

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика
факультетінде «6D050400 - Журналистика» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін орындалған
Калиаждарова Шынар Идрішевнаның «Қазақстан телекоммуникацияның
даму тенденциялары мен инновациялық үлгісінің қалыптасуы» атты
ғылыми диссертациясына
ғылыми жетекші - филология ғылымдарының кандидаты, доцент
Алма Курманбаеваның
ПІКІРІ**

Зерттеу жұмысының өзектілігі

Жаңа технологиялар еліміздегі БАҚ саласына өзгерістер әкелді. Осыған орай ақпарат құралдары заман талабына сай жұмыс істеуге көшіп, нарықтағы саясаттары мен бағыттарын өзгерту. Осы уақытқа дейін бірнеше рет ақпараттық-технологиялық өзгерістен өткен қазақ телевизиясының даму тенденциялары ізденушінің негізгі нысаны.

Докторант Ш. Калиаждарова қазақ теледидарының цифрлық кезеңін зерттеп, телеөндірістегі техникалық және шығармашылық жаңа серпілістеріне тоқталады. Сондай-ақ цифрлық технологиялар жағдайында телеөндірістегі трансформациялық үрдістер: цифрлық хабар тарату инфрақұрылымы, нишалық арналар мен сегментке бөліну, Интернет арналардың пайда болу себептері мен даму көрсеткіштеріне зерттеу жасаған.

Ғылыми жұмыста телесаланың ақпараттық кеңістіктегі мазмұндық және пішіндік өзгерістеріне талдау жасалып, заманауи журналистиканың конвергенттік, мультимедиалық және интербелсенділік ерекшеліктері коммуникациялық тәжірибе нысаны ретінде қарастырылуынан көрінді. Отандық телекоммуникацияның шығармашылықты жетілдірудегі менеджмент пен маркетинг мәселесі қозғалып, қазақстандық үлгісін ұсынады.

Докторант телекоммуникацияның ерекше ақпараттық бәсекелестік ортада жұмыс істеп отырғандығына баса назар аударған. Көрерменнің тек отандық емес, шетел арналарын көруге мүмкіндіктері жоғары екендігін, түрлі контент ұсынатын бейнеплатформа қатарының көбеюі – телеөнім талаптарын күштейткендігін алға тартады. Осы мақсатты өзінің авторлық тұжырымдарын ұсынады.

Зерттеу нәтижелерінің негізделу деңгейі мен жаңашылдығы

Диссертациялық жұмыс тақырыбы және алға қойған міндеттердің барлығы ең негізгі мақсаттан туындаған. Докторанттың телесаладағы он бес жылға жуық тәжірибесі ғылыми жұмыстың тәжірибелік маңыздылығын арттырып түрғандығын айта кеткеніміз жөн.

Ізденуші Қазақстан теленарығындағы өзекті мәселелерді сараптау арқылы бұған дейін мәлім болмаған теориялық тұжырымдарды айқындалап, өз пайымдауларын накты дәйектермен, мысалдармен жеткізген. Зерттеушінің диссертациялық жұмысқа тыңғыштықты дайындалғандығын және осы бағытта

бірнеше жыл зерттеу жүргізгендігін байқаймыз. Оған дәлел – ғылыми жұмыстағы әр жылды қамтитын түрлі кесте мен сараптамалық деректер.

Докторант жұмысының тәжірибелік нәтижесін жарық көрген оқу күралдары арқылы айғақтаймыз. Оның бірі – «Телевизиялық хабар дайындау технологиясы» (2017), ал екіншісі – «Тележаңалық: тәжірибе» (2022). Оқу күралдары қолданысқа еніп, болашақ мамандар үшін көмекші құралға айналды.

Зерттеуші ғылыми жұмысын үш тарауға топтастырған. Бірінші бөлімде технологиялық инновация негізінде телехабар тарату жүйесінің дамуындағы ерекшеліктерге тоқталады. Осы тарауда қазақстандық телевизияның бүгінге дейінгі тарихи даму көрсеткіштерін, технологиялық жаңашылдықтарын саралап, алты кезеңге бөліп қарастырады. Әр кезеңдегі технологиялық және шығармашылық ізденістерді нақты мысалдармен көрсетеді. Сонымен қоса жұмыстың теориялық негізін анықтауда тележурналистиканы зерттеген М. Барманқұлов, Омашев, Б. Жақып, К. Тұрсын, К. Қабылғазы, Ә. Молдабеков, А. Бейсенқұлов, С. Барлыбаева, Ж. Әбдіжәділқызының, М. Абдраев, Н. Шыңғысова, Ұ. Есенбекова сынды ғалымдардың еңбектеріне жүгінеді.

Екінші тарауда уақыт талабынан туындаған телевизиядағы жаңа форматтар мен инновациялық жобалардағы шығармашылық ізденіске назар аударады. Қазақстан арналарындағы жаңа форматтар: ток-шоу, реалити-шоу, бейімделген форматтар (франчиза) және Интернет арқылы хабар таратудың артықшылығы мен кемшін тұстарына зерттеу жасайды. Уақыт талабына сай өзгеріске ұшыраған тележанрлар, Интернет плаформа мен телевизиядағы жанрлардың бір-бірін толықтыру үрдісі де назардан тыс қалмады.

Сонымен қатар Ш. Калиаждарова телеарналардың Интернет ортаға бейімделу үрдісін зерделей келе, көрермен мен хабар таратушы арасындағы байланыс формасының өзгергендігін нақты мысалдармен көрсетеді.

Диссертациялық жұмыстың үшінші бөлімі телевизиялық шығармашылықты жетілдірудің қазақстандық үлгісін айқындауға бағытталған. Мұнда бүгінгі телевизиядағы менеджмент пен маркетингтің өзекті мәселелері қамтылып, телеарналарды дұрыс басқарып отырмыз ба деген сауалға жауап ізделеді. Елдегі салалық арна қатарының артуы, олардың медиакеңістіктері орны, аудитория сұранысы туралы ерекше зерттеу мәліметтері ұсынылады.

Ізденуші телеөндірісте мобиЛЬДІ Интернет, Интернет заттардың (IoT-Internet of Things) дамуы, жасанды интеллекті, үлкен мәліметтер базасы (big data), виртуалды технологиялардың қазақстандық телеарналар қызметіндегі орнын нақты көрсетеді және болашағына болжам жасайды. Сонымен қоса осы тарауда автор бәсекелестік ортада телөнімдерді таратудың және табыска жетудің қадамдарын әлемдік тәжірибеге сүйене отырып ұсынады.

Ізденуші диссертациялық жұмыста телеөнімдерді зерттеумен айналысадын отандық және халықаралық «Media Metrix», «TNS Central Asia», «TALAP», Ұлттық Медиа Қауымдастырының деректеріне айрықша мән берген.

Бұл автордың телерейтингпен айналысатын компаниялар жұмысын үнемі қадағалап, көрсеткіштердің шынайылығын бақылап отыратындығын айғақтайды. Сонымен қоса бұл мәліметтер докторанттың телевизияның болашағы туралы авторлық тұжырым жасауына да ықпалын тигізді.

Диссертациялық жұмыс аясында әлеуметтік зерттеулер жүргізілген. Сауданамалар нәтижесі кестемен, графика, суреттермен көрсетілген. Сондай-ақ әлемге танымал телеарналар қызметінің назарға алынуы, олардың телеөнім дайындаудағы тәжірибесіне тоқталуы – ғылыми жұмыстың мазмұнын арттырып отыр.

Ғылыми жұмыс түсінікті тілмен жазылған. Жұмыстың құрылымдық ішкі бірлігі жоғары деңгейде. Эр бөлім бір бірімен байланыста жазылған.

Диссертациялық жұмыс нәтижелерінің, қорытындылары мен тұжырымдарының жариялануы

Ізденуші Шынар Калиаждарованаң телесалада тәжірибесі мол екендігі жұмыс мазмұнданан байқалады. Келтірілген деректерін анық және дәлелдері нақты. Жұмыстың негізгі нәтижелерін зерттеушінің жарық көрген ғылыми зерттеу мақалаларынан көреміз. Оның жалпы саны – 18.

Зерттеу тақырыбына байланысты докторант отандық және шетелдік кеңесшілерімен тығыз байланыста болғандығын байқаймыз. Жетекшілерімен бірлесіп 6 ғылыми жұмыс жариялады. Олардың басым бөлігі ҚР ҒжЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда жарық көрді.

Тағы да атап өтейін, зерттеу жұмысының тәжірибелік нәтижесі ретінде 2 оку құралы жарық көрді (1. Телевизиялық хабар дайындау технологиясы / Авт. Ш.Қалиаждарова. – Алматы, ХАТУ, 2017. – 116 б. ISBN 978-601-7911-07-2; 2. Тележаңалық: тәжірибе / Авт. Ш.Қалиаждарова. – Алматы, ХАТУ, – 168 б. ISBN 978-601-7911-45-4). Қазір олар қолданыста.

Диссертацияның негізгі тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануы жеткілікті.

Диссидентант Ш. Калиаждарова докторлық диссертациясын жазу барысында қыруар материалдар жинақтаған, қорытқан. Соның нәтижесінде іргелі зерттеуді дүниеге әкелді.

Жоғарыда аталған негіздерге сүйене отырып, Шынар Калиаждарованаң «Қазақстан телеарналарының даму тенденциялары мен инновациялық үлгісінің қалыптасуы» атты диссертациясы «6D050400 – Журналистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты жұмыс деп есептеймін.

Ғылыми жұмысты диссертациялық кеңесте қорғауға ұсынамын.

**Отандық ғылыми кеңесші:
филология ғылымдарының кандидаты
доцент**

